

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 қаңтардағы № 6 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 145 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 34-бабына және «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1, 15-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының

Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**
1. Қоса беріліп отырған:

1) «Қазақстан Республикасының қызметтік паспорттарын беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

2) «Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандарты;

3) «Консулдық заңдастыру» мемлекеттік қызмет стандарты;

4) «Шетелде Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу» мемлекеттік қызмет стандарты;

5) «Шетелдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарына паспорттар ресімдеуге құжаттарды қабылдау және олардың паспорттарына қажетті белгілер қою» мемлекеттік қызмет стандарты;

6) «Қазақстан Республикасының шетелдердегі азаматтарының азаматтық хал актілерін тіркеу» мемлекеттік қызмет стандарты;

7) «Кеме шетелде сатып алынған жағдайда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығына уақытша куәлік беру» мемлекеттік қызмет стандарты;

8) «Қазақстан Республикасының кемелеріне қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген кез келген декларацияны немесе басқа құжатты жасау немесе куәландыру» мемлекеттік қызмет стандарты;

9) «Қазақстан Республикасының шетелде орналасқан кемелері апатқа ұшыраған жағдайда теңіз наразылығы туралы акт жасау» мемлекеттік қызмет стандарты бекітілсін.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.09.2013 № 983 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2013 жылғы	11 қаңтардағы
№ 6 қаулысымен	
бекітілген	

«Қазақстан Республикасының қызметтік паспорттарын беру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының қызметтік паспорттарын беру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мына мекенжай бойынша ұсынады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64.

2. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасының дипломаттық және қызметтік паспорттарын беру, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 150 Жарлығына (бұдан әрі – Жарлық) сәйкес көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру бланкілерінің үлгілері Министрліктің www.mfa.kz интернет-ресурсындағы «Консулдық мәселелер» бөлімінде және Министрліктің ақпараттық стенділерінде орналастырылады.

5. Қазақстан Республикасының қызметтік паспортын (бұдан әрі – паспорт) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес оны алуға құқығы бар адамға беру немесе паспорт беруден бас тарту туралы дәлелді жауап ұсынылатын мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет мынадай заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) :

1) мемлекеттік кәсіпорындарға, ұлттық даму институттарының атқарушы органдарына, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға, ұлттық басқарушы холдингтерге ;

2) Қазақстан Республикасы ресми делегацияларының халықаралық ұшып өтуін қамтамасыз ету үшін тартылатын қазақстандық авиакомпанияларға ұсынылады .

7. Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімдері:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды мемлекеттік қызметті алушының тапсырған сәтінен бастап – бес жұмыс күнінен артық емес ;

2) мемлекеттік қызметті ұсыну үшін қажетті құжаттарды өткізу кезінде мемлекеттік қызметті алушының кезек күтуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – бір сағаттан артық емес ;

3) паспортты беру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – он минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі, оны көрсету үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген тәртіппен консулдық алым алынады .

9. Мемлекеттік қызмет аптаның төрт жұмыс күнінде (сәрсенбі, демалыс және мереке күндерін қоспағанда) ұсынылады. Құжаттарды қабылдау сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, ал құжаттарды беру 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады .

10. Мемлекеттік қызмет ұсынылатын үй-жай Министрлік ғимаратында орналасады .

Күту залы, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттардың тізбесі және оларды толтыру үлгілері бар стенділермен жарақталады.

2. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін уәкілетті адам арқылы мынадай құжаттарды (пошта арқылы құжаттар қабылдау жүзеге асырылмайды):

1) тиісті ұйымнан осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім хат ;

2) іссапарға жіберуші ұйымның кадр қызметі куәландырған іссапарға жіберу туралы бұйрықтың немесе іссапарға жіберуді растайтын өзге құжаттың көшірмесі ;

3) паспорт алуға құқығы бар адамның осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша паспорт беруге арналған өтініші;

4) өлшемі 3,5x4,5 см екі түрлі түсті фотосурет (фотосурет мемлекеттік қызметті алушының құжаттарын ресімдеу уақытындағы жасына сәйкес болуы және қатаң түрде жарық жерде түсірілген болуы тиіс, бейтарап бет көрінісі мен ауызы жабық болу қажет, әрі адамның беті фотосуреттің жалпы ауданының 75%-ға жуығын алуы тиіс. Фотосурет фотобаспа әдісімен қалың фотоқағазға бір негативтен бастырылады. Компьютерлік сканер арқылы басып шығару, модельдеу мен ксерокөшірмеден өткізу әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға рұқсат етілмейді);

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

6) консулдық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (түпнұсқасы) ұ с ы н у қ а ж е т .

12. Паспортты беру үшін бланкілерді Министрліктің қызметкерлері береді, сондай-ақ олар Министрліктің www.mfa.kz интернет-ресурсында «Консулдық мәселелер» бөлімінде орналастырылады.

13. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар Министрлікке мына мекенжай бойынша өткізіледі: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64.

14. Мемлекеттік қызметті алушыға немесе оның уәкілетті адамына осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды өткізгенін растайтын, осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талон беріледі.

15. Паспортты беру мәселесі бойынша қабылданған шешім туралы мемлекеттік қызметті алушы немесе оның уәкілетті адамы телефон арқылы немесе жеке қабылдауда хабардар етіледі.

Мемлекеттік қызметті алушыға немесе уәкілетті адамға паспортты беру Қазақстан Республикасының жеке куәлігін немесе паспортын ұсынған жағдайда паспортты беру журналында қол қою арқылы жүзеге асырылады. Уәкілетті адамда іссапарға жіберуші органның тиісті хаты болуы қажет.

16. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсыну мына жағдайларда :

1) құжаттарды өткізу кезінде толық емес және/немесе анық емес мәліметтерді ұ с ы н с а ;

2) консулдық алым төленбесе бас тартылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Министрліктің қызметі сыпайылық, толық ақпарат беру, құжаттардың сақталуын, мемлекеттік қызметті алушы туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Министрліктің жұмыс нәтижелері осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Министрліктің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы және тиімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәндері Министрліктің бұйрығымен бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызметті ұсыну нәтижелеріне шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті алушы мына мекенжай бойынша Министрлікте ала алады: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64, электрондық пошта dks-astana@mfa.kz.

21. Ұсынылған мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, мемлекеттік қызметті алушы шағымды жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері мен мереке күндерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атына мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 31-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-05-18, факс 8 (7172) 72-05-16, электрондық пошта midrk@mfa.kz береді.

22. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайларда шағым жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда Министрлік басшысының атына мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64, факс 8 (7172) 72-04-60, №300 кабинет, электрондық пошта dks-astana@mfa.kz беріледі.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сот органдарына жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым еркін нысанда жасалған жазбаша түрде пошта не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Жеке тұлғаның шағымында оның тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы және қолы қойылады, заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, пошталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні, мемлекеттік қызметті алушы атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті лауазымды тұлғаның қолы болады.

Шағымды беру кезінде іс-әрекеті шағымдалатын органның атауы немесе лауазымды тұлға, шағымдану себептері мен талаптар көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым Министрліктің кеңсесінде тіркеледі. Өтініштің/ арыздың күні мен уақыты, оны қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген осы стандартқа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша талон шағымның қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

Шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген т ә р т і п п е н қ а р а л а д ы .

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64 Министрліктен алуға болады.

«Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
қ ы з м е т т і к п а с п о р т т а р ы н б е р у»
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т с т а н д а р т ы н а
1-қосымша

Қазақстан Республикасының қызметтік паспортын алуға құқығы бар адамдардың тізбесі

1. Мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық даму институттары, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, ұлттық басқарушы холдингтер атқарушы органдарының б і р і н ш і б а с ш ы л а р ы ;

2. Қазақстан Республикасы ресми делегацияларының халықаралық ұшып өтуін қамтамасыз ету үшін тартылатын қазақстандық авиакомпаниялардың ұ ш қ ы ш - т е х н и к а л ы қ п е р с о н а л ы ;

3. Осы тізбенің 2-тармағында көрсетілген ұйымдардың шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелері (жұбайлары/ зайыптары, балалары).

«Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
қ ы з м е т т і к п а с п о р т т а р ы н б е р у»
м е м л е к е т т і к қ ы з м е т с т а н д а р т ы н а
2-қосымша

Паспортты (дипломаттық, қызметтік) ресімдеу үшін
Іссапарға жіберуші органның бланкісінде

№ _____

20_ ж. «__» _____

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Консулдық қызмет департаменті

.....(ел) шығу үшін паспортты (дипломаттық, қызметтік) ресімдеуді/беруді
с ұ р а й м ы з :

Т . А . Ә . – ла у а з ы м ы

Шығуы жылы/күні/айына,..... күн (жыл) мерзімге жоспарланған

Б а ғ ы т ы :

Б а р а т ы н қ а л а л а р :

С а п а р д ы ң м а қ с а т ы :

Шығуының негізі:..... (ұйымның атауы) шақыруы бойынша
Сапарды: (ұйымның атауы) қаржыландырады

Қ о с ы м ш а :

- 1) іссапарға жіберуші органның кадрлар бөлімі куәландырған іссапарға жіберу туралы бұйрықтың немесе өзге құжаттың көшірмесі;
- 2) паспорт беруге толтырылған өтініш;
- 3) 3,5 х 4,5 мөлшеріндегі түрлі түсті екі фотосурет;
- 4) жеке куәліктің көшірмесі.

Ұйымның басшысы

Қолы

Т.А.Ә.

Мөрдiң орны

О р ы н д а у ш ы :

Т . А . Ә .

Телефон:

«Қазақстан Республикасының
қызметтік паспорттарын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына

3-қосымша

ПАСПОРТ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ӨТІНІШ/
ЗАЯВЛЕНИЕ НА ВЫДАЧУ ПАСПОРТА № ☐

1. ПАСПОРТТЫҢ ТҮРІ/ТИП ПАСПОРТА ☐ -ҚР СІМ КҚД тарапынан
толтырылады /

-заполняется ДКС МИД РК



АЗАМАТТЫҢ ҚОЛЫ/ПОДПИСЬ ГРАЖДАНИНА

2.	3.	4.
ТЕГІ / ФАМИЛИЯ	АТЫ / ИМЯ	ӘКЕСІНІҢ АТЫ / ОТЧЕСТИЕ
5.	6.	7.
ТУҒАН КЕЗІНДЕГІ, БҰРЫНҒЫ ТЕГІ / УРОЖДЕННАЯ, ПРЕЖНЯЯ ФАМИЛИЯ	ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ, ЖЫЛЫ / ДАТА РОЖДЕНИЯ	ЖЫНЫСЫ / ПОЛ
		8.
		ҰЛТЫ / НАЦИОНАЛЬНОСТЬ

9. ТУҒАН ЖЕРІ / МЕСТО РОЖДЕНИЯ

ЕЛ/СТРАНА	АВТОНОМИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА, ӨЛКЕ / АВТОНОМНАЯ РЕСПУБЛИКА, КРАЙ	ОБЛЫС / ОБЛАСТЬ
ЕЛДІ МЕКЕН / НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ	МЕКЕНЖАЙЫ / АДРЕС	

10. ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІ / МЕСТО ЖИТЕЛЬСТВА

ОБЛЫС / ОБЛАСТЬ	ҚАЛА / ГОРОД	АУДАН / РАЙОН
ЕЛДІ МЕКЕН / НАСЕЛЕННЫЙ ПУНКТ	МЕКЕНЖАЙЫ / АДРЕС	

11.	12.
ОТБАСЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ / СЕМЕЙНОЕ ПОЛОЖЕНИЕ	ЖҰМЫС ОРНЫ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМЫ / МЕСТО РАБОТЫ И ДОЛЖНОСТЬ

13. 16 ЖАСҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРЫ/ДЕТИ ДО 16 ЛЕТ
(ШЕТЕЛГЕ ЖҰМЫСҚА ШЫҒАТЫН АЗАМАТТАРМЕН ТОЛТЫРЫЛАДЫ)
(ЗАПОЛНЯЕТСЯ СОТРУДНИКАМИ, ВЫЕЗЖАЮЩИМИ ЗАГРАНИЦУ НА РАБОТУ)

№	ТЕГІ/ФАМИЛИЯ	АТЫ/ИМЯ	ТУҒАН КҮНІ, ЖЫЛЫ/ДАТА РОЖДЕНИЯ	АЙЫ, ЖЫНЫСЫ/ ПОЛ

ҚЫЗМЕТТІК БЕЛГІЛЕР ҮШІН/ДЛЯ СЛУЖЕБНЫХ ОТМЕТОК

ІССАПАРҒА ЖІБЕРГЕН МЕКЕМЕ /

КЕМ КОМАНДИРОВАН

БАРАТЫН ЕЛ / СТРАНА СЛЕДОВАНИЯ

ҚР СІМ КОНСУЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ДИРЕКТОРЫ / ____ /

ДИРЕКТОР ДЕПАРТАМЕНТА КОНСУЛЬСКОЙ СЛУЖБЫ МИД РК

РЕСІМДЕУ / ОФОРМЛЕНИЕ

PS

 20__ ЖЫЛҒЫ «__»

PD

ЕСКЕРТУ / ПРИМЕЧАНИЕ

НОМЕР ПАСПОРТА

ДАТА ВЫДАЧИ

Мемлекеттік қызметкерлер шетелдік іссапардан қайтқаннан кейін дипломаттық және қызметтік паспорттарын ҚР СІМ Консулдық қызмет департаментінің Астана қаласындағы мұрағатына он күн мерзімде тапсырулары тиіс. Қазақстан Республикасының дипломаттық немесе қызметтік паспорттары уақытында тапсырылмаған немесе жоғалған жағдайда, жауапкершілік жоғарыда аталған құжат иелеріне жүктеледі (*«Қазақстан Республикасының дипломаттық және қызметтік паспорттарын беру, есепке алу, сақтау және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 150 Жарлығының 20-шы тармағына сәйкес*).

По возвращении изграничной командировки государственных служащих дипломатические и служебные паспорта РК подлежат сдаче в архив Департамента консульской службы МИД РК в г. Астана в десятидневный срок. Ответственность за несвоевременную сдачу либо утерю дипломатического или служебного паспорта Республики Казахстан лежит на владельцах вышеуказанных документов (*согласно п.20 Указа Президента Республики Казахстан от 7 сентября 2011 года № 150 «Правила выдачи, учета, хранения и уничтожения дипломатического и служебного паспортов Республики Казахстан»*).

Таныстырылды / ____ 20__ жылғы «__»

Ознакомлен

Азаматтың қолы / _____

Подпись гражданина

ҚЫЗМЕТТІК БЕЛГІЛЕР ҮШІН / ДЛЯ СЛУЖЕБНЫХ ОТМЕТОК

№	Бұдан бұрын берілген Ранее выданные	ДП/ҚП ДП/СП	Берілген Дата выдачи	күні	Тұрған Местонахождение	жері

Орындаушы _____ / _____ 20__ жылғы «__» _____

Исполнитель

«Қазақстан Республикасының
қызметтік паспорттарын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына

4-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны туралы

№ _____ талон

(өтініш берушінің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____
- _____

Қ а б ы л д а ғ а н :

_____/_____/_____
(қызметкердің лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

_____ ж. «_____» _____
(Қ а б ы л д а н ғ а н күн)

Берілетін уақыты және күні: «__» _____ ж. _____ сағ _____ мин

«Қазақстан Республикасының
қызметтік паспорттарын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
5-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа мен тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Келесі жылдағы көрсеткіштің нысаналы мәні	Есептік жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақыттылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			
2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасы мен оны көрсету туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Электрондық форматта қол жеткізуге болатын ақпарат қызметтерінің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

«Қазақстан Республикасының
қызметтік паспорттарын беру»
мемлекеттік қызмет стандартына
6-қосымша

Шағымды қабылдау туралы талон № _____	
Қ ұ ж а т т ы _____	қ а б ы л д а п _____ а л д ы :

(Консулдық лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.)	

(Қолы)	
201__ жылғы « » _____	
Байланыс телефондары: _____	

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2013

жылғы

11

қаңтардағы

№

6

қаулысымен

бекітілген

«Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері (бұдан әрі – шетелдердегі мекемелер) ұсынады.

2. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабына; Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығымен бекітілген Консулдық жарғының 40 тармағына; Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы № 198 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Азаматтық мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеге; «Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығы мәселелеріне қатысты құжаттарды ресімдеуі жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер министрінің 2011 жылғы 19 қаңтардағы № 08-1-1-1/13 бұйрығына сәйкес ұсынылады.

4. Мемлекеттік қызмет және қажетті құжаттар туралы ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру бланкілерінің үлгілері осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген шетелдердегі мекемелердің интернет-ресурстарында және ақпараттық стенділерінде орналастырылады.

5. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққандығы туралы анықтаманы (қағаз тасығышта) беру (бұдан әрі – анықтаманы беру) немесе анықтаманы беруден бас тарту туралы дәлелді жауап ұсынылатын мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет шетелде тұрып жатқан Қазақстан Республикасының

азаматтарына (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті ұсынудың мерзімдері:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды мемлекеттік қызметті алушының тапсырған сәтінен бастап – алты айдан артық е м е с ;

2) мемлекеттік қызметті ұсыну үшін қажетті құжаттарды өткізу кезінде мемлекеттік қызметті алушының кезек күтуінің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – б і р с а ғ а т т а н а р т ы қ е м е с .

3) құжатты беру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – он минуттан артық емес.

8. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде көрсетіледі, оны көрсету үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексімен белгіленген тәртіппен консулдық а л ы м а л ы н а д ы .

9. Мемлекеттік қызмет аптаның төрт жұмыс күнінде (сәрсенбі, демалыс және мереке күндерін қоспағанда) ұсынылады. Құжаттарды қабылдау сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, ал құжаттарды беру 16.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

10. Мемлекеттік қызмет ұсынылатын үй-жай шетелдегі мекеменің ғимаратында немесе бөлек тұрған ғимаратта орналасады.

Күту залы, құжаттарды толтыруға арналған орындар қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стенділермен жарақталады.

2. Мемлекеттік қызметті ұсыну тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті алу үшін мынадай құжаттарды (пошта арқылы құжаттар қабылдау жүзеге асырылмайды):

1) осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама-өтініш;

2) ө м і р б а я н ;

3) өлшемі 3,5x4,5 см үш түрлі түсті фотосурет;

4) балалардың туу туралы куәліктері (түпнұсқасы және көшірмесі);

5) неке қию туралы куәлік (түпнұсқасы және көшірмесі);

6) консулдық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат (түпнұсқасы)

ұ с ы н у қ а ж е т .

Мемлекеттік қызметті алушының Қазақстан Республикасында зайыбы (жұбайы) немесе оның асырауындағы адамдары болған жағдайда, ол сол адамдардың мемлекеттік қызметті алушыға материалдық немесе басқа да талаптарының жоқтығы туралы нотариалды куәландырған өтініштерін т а п с ы р а д ы .

12. Бланкілерді (сауалнама-өтініштер) шетелдердегі мекемелердің қызметкерлері береді, сонымен бірге Министрліктің www.mfa.kz интернет-ресурсындағы «Консулдық мәселелер» бөлімінде және осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес шетелдердегі мекемелердің интернет-ресурстарында о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

13. Осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша шетелдердегі мекемелерге ө т к і з і л е д і .

14. Мемлекеттік қызметті алушыға осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттарды консулдық лауазымды тұлғаға өткізгендігін растайтын, осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес талон беріледі.

15. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу мәселесі бойынша қабылданған шешім туралы мемлекеттік қызметті алушыны консулдық лауазымды тұлға телефон арқылы немесе жеке қабылдауда хабардар етеді.

16. Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығудан, егер бұл туралы қолдаухат берген адамның Қазақстан Республикасының алдында орындалмаған міндеттемелері немесе азаматтардың немесе Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің елеулі мүдделеріне байланысты мүліктік міндеттемелері болса, б а с т а р т ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға, егер бұл туралы қолдаухат берген адам айыпталушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылса не соттың күшіне енген үкімі бойынша жазасын өтеп жүрсе немесе бұл адамның Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қауіпсіздігінің мүдделеріне қайшы келсе, жол б е р і л м е й д і .

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсыну осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттардың толық емес пакеті ұсынылған, құжаттарды өткізу кезінде толық емес және/немесе анық емес мәліметтер ұсынылған, консулдық алым төленбеген жағдайларда бас тартылады.

3. Жұмыс қағидаттары

17. Шетелдердегі мекемелердің қызметі сыпайылық, толық ақпарат беру, құжаттардың сақталуын, мемлекеттік қызметті алушы туралы ақпараттың қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету қағидаттарында жүзеге асырылады.

4. Жұмыс нәтижелері

18. Шетелдердегі мекемелердің жұмыс нәтижелері осы стандартқа 4-қосымшаға сәйкес сапа және тиімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

19. Шетелдердегі мекемелердің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапасы және тиімділігі көрсеткіштерінің нысаналы мәндері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен (бұдан әрі – Сыртқы істер министрлігі) бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

20. Мемлекеттік қызмет ұсынудың нәтижелеріне шағымдану тәртібін түсіндіру бойынша ақпаратты мемлекеттік қызметті алушы осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша шетелдердегі мекемелерде ала а л а д ы .

21. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, мемлекеттік қызметті алушы шағымды жұмыс күндері 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері мен мереке күндерін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің атына мына мекенжай бойынша: Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 31 ғимарат, телефон (7172) 72-05-18, факс: 8 (7172) 72-05-16, электрондық пошта: midrk@mfa.kz береді.

22. Дөрекі қызмет көрсетілген жағдайларда шағым осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша мемлекеттік қызметті ұсынған шетелдегі мекеме басшысының атына жазылады.

23. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметті алушының заңнамада белгіленген тәртіппен сот органдарына жүгінуге құқығы бар.

24. Шағым еркін нысанда жасалған жазбаша түрде пошта не Сыртқы істер министрлігінің немесе шетелдегі мекеменің кеңсесі арқылы қолма-қол қ а б ы л д а н а д ы .

Шағымда мемлекеттік қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты, пошталық мекенжайы және қолы қойылады. Шағымды беру кезінде іс-әрекеті шағымдалатын шетелдегі мекеменің атауы немесе лауазымды тұлға туралы, шағымдану себептері мен талаптар көрсетіледі.

25. Қабылданған шағым Сыртқы істер министрлігінің немесе шетелдегі мекеменің кеңсесінде тіркеледі. Өтініштің/арыздың күні мен уақыты, оны қабылдаған адамның тегі, аты-жөні, сондай-ақ берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орны және шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген осы стандартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген талон шағымның қабылданғанын растайтын құжат болып табылады.

Шағым «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы»
2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген
т ә р т і п п е н қ а р а л а д ы .

26. Мемлекеттік қызмет туралы қосымша ақпаратты осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша шетелдердегі мекемелерден алуға болады.

«Қазақстан Республикасының шетелдердегі
мекемелерінің Қазақстан Республикасының
азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды
ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандартына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы	Байланыс деректері	Интернет-ресурс
АМЕРИКА		
Америка Құрама Штаттарындағы ҚР Елшілігі Вашингтон қаласы	1401 16th Street, N.W., Washington D.C. 2 0 0 3 6 код +1202, тел. 232-54-88, факс 232-5845, 232-35-41	e-mail: washington@kazakhembus.com; washington@mfa.kz; consul@kazakhembus.com http://www.kazakhembus.com
Нью-Йорк қаласындағы (АҚШ) ҚР Бас консулдығы	535 Fifth Avenue, 19 Floor, New York, NY 10017 код +1212 тел. 646 370 6331, факс 646 370 6334	e-mail: kzconsulny@un.int http://www.kzconsulny.org
Канададағы ҚР Елшілігі Оттава қаласы	150 Metcalfe Street, Suite 1603-1604, Ottawa, Ontario, K2P 1P1; Консульский отдел: 150 Metcalfe Stre, код +1-613 тел. 695-80-55, факс 695-87-55	e-mail: kazakhembassy@gmail.com kazconsulcan@gmail.com http://www.kazembassy.ca
Куба Республикасындағы ҚР консулдығы Гавана қаласы	5ta Ave. 2203 e/22 y 24, Miramar, La Habana, Cuba, код +537 тел. 206-99-63, факс 206-99-64	e-mail: italposkaz@mail.ru h a v a n a @ m f a . k z ; dipmk@enet.cu
ЕУРОПА		
Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Лондон қаласы	33 Thurloe Square, London SW7 2SD код + 44-207, тел. 590-34-90, факс 584-84-81	e-mail: london@kazembassy.org.uk consulate@kazembassy.org.uk http://www.kazakhstanembassy.org.uk
Шотландиядағы ҚР консулдығы (Абердин)	Bridje House, 1&2 Riverside Drive, Aberdeen AB11 7LH, код +44 тел. 122- 4212-400	
Бельгия Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Брюссель қаласы	Avenue Van Bever, 30, 1180 Bruxelles Belgique код +32 тел. 2-373-38-90, 2-373- 38-96, факс 374-50-91	e-mail: info@embassy.be http://kazakhstanembassy.be
Француз Республикасындағы ҚР Елшілігі Париж қаласы	59, rue Pierre Charron, 75008 Paris, France код +331 тел. 145-61-52-02, 456-15-206, 456-15-200, факс 456-15-201	e-mail: office@amb-kazakhstan.fr paris@mfa.kz http://www.amb-kazakhstan.fr

Германия Федеративтік Республикасындағы ҚР Елшілігі Берлин қаласы	Bundesrepublik Deutschland Nordendstrasse 1 4 - 1 7 , D-13156 Berlin-Pankow код +4930 тел. 470-071-10, 470-071-14, конс.отд. 470-071-60, факс 470-071-25	e-mail: berlin@mfa.kz www.botschaft-kaz.de
Бонн қаласындағы (ГФР) ҚР Елшілігінің бөлімі	Rathausstraße 3, 53225 Bonn, код +49228 тел. 403-87-27, 403-87-24, 403-87-28, факс 403-87-20	e-mail: konsul-bonn@web.de
Майндағы Франкфурт қаласындағы (ГФР) ҚР Бас консулдығы	Beethoven str. 17, 60325, Frankfurt am Main, код +4969 тел. 971-467-31, 971-467-44, факс 971-46-818	E-mail: info.kaz@genconsul.de frankfurt@mfa.kz http://genconsul.de
Ганновер қаласындағы (ГФР) ҚР консулдығы	Lister Meile 2, 30161 Hannover, код +49511, тел. 301-868-99, факс 301-868-95	E-mail: hannover@mfa.kz; konsul-hannover@t-online.de
Мюнхен қаласындағы (ГФР) ҚР консулдығы	Hans-Urmiller-Ring 46 A, 82515 Wolfratshausen, код +49-8171 тел. 911-6030, факс 911-6088	E-mail: konsul-muenchen@mfa.kz
Австрия Республикасындағы ҚР Елшілігі Вена қаласы	Wipplingerstrasse 35, Floor 3 1010 Wien, код +431 тел 890-80-08-10, факс 890-80-08-20	e-mail: vienna@mfa.kz embassy@kazakhstan.at
Венадағы ҚР Елшілігінің консулдық бөлімі	Felix-Mottl-Str. 23, A-1190 Wien, код: +431 Тел: 367-66-57-11, 367-66-57-88, 367-66-57-33, факс: 367-66-57-20	e-mail: vienna@mfa.kz embassy@kazakhstan.at http://www.kazakhstan.at
Швейцария Конфедерациясындағы ҚР Елшілігі Берн қаласы	Melchenbühlweg 79, 3006- Bern, код +031 тел. 351-79-69, факс 351-79-75	e-mail: embassy@kazakhstan-bern.ch http://kazakhstan-bern.ch
Италия Республикасындағы ҚР Елшілігі Рим қаласы	Via Cassia, 471, 00189 – Roma код +3906 тел. 363-011-30, факс 362-926-75	e-mail: roma@mfa.kz http://www.embkaz.it
Испания Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Мадрид қаласы	C/ Sotillo, 10 Parque Conde de Orgaz 28043 M A D R I D код +3491 тел. 721-62-90, 721-62-94, 721-62-94 факс 721-93-74	e-mail: embajada@kazesp.org madrid@mfa.kz сайт: www.kazesp.org
Венгриядағы ҚР Елшілігі Будапешт қаласы	Kapy ut. 59 Budapest H-1025, код +361 тел. 275-13-00, 275-13-01, факс 275-20-92	e-mail: kazak@t-online.hu budapest@mfa.kz http://www.kazembassy.hu
Чех Республикасындағы ҚР Елшілігі Прага қаласы	160 00 Praha 6, ul. Romaina Rolanda 12 код +420 тел.233-375-642; факс 233-371-019	e-mail: kzembas@gmail.com prague@mfa.kz www.kazembassy.cz
Литва Республикасындағы ҚР Елшілігі Вильнюс қаласы	Birutes 20A, LT-08117, Vilnius-4, Lithuania код +3705 тел. 212-21-23, 231-30-40, факс 231-35-80	e-mail: vilnuis@mfa.kz kazemb@iti.lt www.kazembassy.lt
Түрік Республикасындағы ҚР Елшілігі Анкара қаласы	06450 Kilik Ali sokak №6, Or-An Diplomatik Sitesi Cankaya, Ankara, Turkey, код +90312 тел. 491-91-00, факс 490-98-51	e-mail: ankara@mfa.kz; kazank@kazakhstan.org.tr kazankembassy@mail.ru http://www.kazakhstan.org.tr
Стамбул қаласындағы (Түрік Республикасы) ҚР Бас консулдығы	Florya caddesi, Senlikkoy, Germiyan Sok 10 , FLORYA-ISTANBUL, код +90212, тел. 662-53-47, факс 662-53-49	consulkzist@superonline.com; konsulkzist@mail.ru; consulkzist@yahoo.com; consulkzist@superonline.com


Түрік Республикасындағы ҚР консулдығы Анталья қаласы	Caglayan region, 2074 Sok. No:16 Blok C Dublex Mesken Villa Antalya/ Turkey, код +90534, тел. 081-84-47; 059-95-77	
Нидерланд Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Гаага қаласы	Nieuwe Parklaan 69, 2597 LB, The Hague, The Kingdom of the Netherlands, код +3170 тел. 363-47-57, факс 365-76-00	e-mail: hague@mfa.kz; www.kazakhembassy.nl
Гаагадағы ҚР Елшілігінің консулдық бөлімі	Nieuwe Parklaan 69 2597 LB, The Hague, The Kingdom of Netherlands, код +3170 тел. 427-22-20	e-mail: consul@kazakhembassy.nl
Хорватия Республикасындағы ҚР Елшілігі Загреб қаласы	Trg kralja Tomislava 8, 10000 Zagreb, код +385-1 tel. 483-92-55, факс 457-37-96	e-mail: zagreb@mfa.kz embassy@kazembassy.hr http://www.kazembassy.hr
Загреб (Хорватия) қаласындағы ҚР консулдығы	Загреб қ., Прерадовичева қ., 21/2, код 385 -1, тел. 481-50-74, факс 481-50-74	e-mail: consulkazakhstan@net.hr
Финляндия Республикасындағы ҚР Елшілігі Хельсинки қаласы	00120, Хельсинки, ул.Булеварди, 7 (оф. 215-217), код +358-9 тел. 4159-0478, факс 4159 0325	e-mail: Helsinki@kazembassy.fi http://www.kazembassy.fi
Грек Республикасындағы ҚР Елшілігі Афина қаласы	Athens, Papagou 15669, Imyttou Str. 122 код +30 тел. 210-651-56-43, факс 210-651-63-62	e-mail: athens@mfa.kz consul@kazembassy.gr www.kazembassy.gr
Румыниядағы ҚР Елшілігі Бухарест қаласы	26BIS Giuseppe Garibaldi Str., sector 2, 20225, Bucharest, код +40 тел. 031-107-10-83; 021-230-08-65, факс 021- 230-08-66	e-mail: bucharest@mfa.kz http:// www.dipmissionkz.ro
Болгария Республикасындағы ҚР Дипломатиялық миссиясы София қаласы	Sofia, Galichitsa, 38, код +3592 тел. 862-41 -52, 862-41-55, факс 862-41-70	e-mail: sofia@mfa.kz kazembsofia@bulpost.net http:// www.kazembassy.bulpost.net
Норвегия Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Осло қаласы	Nedre Vollgate 3, 2nd floor, 0158, Oslo, Norway код +47 тел. 224-206-40, факс. 224-206-42	e-mail: oslo@mfa.kz; http://www.kazembassy.no
Словакия Республикасындағы ҚР Консулдық бөлімі Братислава қаласы	Gunduliinova street 6, 811 05 Bratislava, Slovak Republic, код +421, тел. 232-661-242, факс 232-661-221	e-mail: kazdip@gmail.com
Польша Республикасындағы ҚР Елшілігі Варшава қаласы	ul. Krylowej Marysiecki 14, 02-954 Warszaw, код +4822, тел. 642-37-65	e-mail: kazdipmis@hotmail.pl warsawa@mfa.kz http://www.kazakhstan.pl
ТАЯУ ШЫҒЫС, АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ		
Египет Араб Республикасындағы ҚР Елшілігі Каир қаласы	9, Wahib Doss street, Maadi, Cairo, Egypt код +202 тел.238-098-04; факс 235-865-46 ;	e-mail: cairo@mfa.kz; http://www.kazembegy.com
Израиль Мемлекетіндегі ҚР Елшілігі Тель-Авив қаласы	52a, Hayarkon Str., Tel Aviv 63432, State of Israel, код +9723 тел. 516-34-11, 516-34-64 , факс 516-34-37	e-mail: tel-aviv@mfa.kz www.kazakhemb.org.il
	P.O. Box: 39556 593, 593 Rashid Bin Saeed Al Maktoum Street (Main street No.2) Al	

Біріккен Араб Әмірліктеріндегі ҚР Елшілігі Абу-Даби қаласы	Safaraat Distr, код +9712 тел. 449-87-78, факс 449-87-75	e-mail: abudhabi@mfa.kz www.kazembemirates.net
Дубай қаласындағы (БАӘ) ҚР Бас консулдығы	Dubai, Jumeirah, Umm El Sheif area, Str. 3, villa 14, код +9714 339-71-56, факс 330-69-37	e-mail: dubai@mfa.kz http:// www.kazconsulate.ae
Сауд Арабиясы Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Эр-Рияд қаласы	Riyadh 11693 P.O. Box 94012, код +01 тел. 480-64-06, факс 480-91-06	e-mail: office@kazembgulf.net www.kazembgulf.net
Джидда қаласындағы (Сауд Арабиясы Корольдігі) ҚР консулдығы	55615 Jeddah, Khalidiya District, Al-Mustqar street, Villa 16, код +9662, тел. 690-20-70, факс 690-30-80	e-mail: kazjed@gmail.com http://kazembsaudi.com/en/pages/35/ Consulate-in-Jeddah
Катар Мемлекетіндегі ҚР Елшілігі Доха қаласы	Al-Dafna, Doha, Zone 66, Str. 563, build. 2 P.O. Box: 23513, код. +974 тел 441-280-15 , 441-105-27, факс 441-280-14	e-mail: embassykz@qatar.net.qa doha@mfa.kz http://www.kazembqatar.com
Иордан Хашимит Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Амман қаласы	Abu Bakir Al-Banany Str., Abdoun, 830626 Amman 11183 Jordan, код +962 тел. 65-92-80-53, 65-92-79-54, факс 65-92-79-51	e-mail: kazemb@orange.jo amman@mfa.kz http:// www.kazakhstan.org.jo
Иран Ислам Республикасындағы ҚР Елшілігі Тегеран қаласы	82, North Hedayat Str., Corner of Masjed Alley, Darrus, Tehran-I.R of Iran, код + 9821 тел. 22-56-59-33, 22-56-59-34, факс 22-54-64-00	e-mail: tehran20022002@mail.ru iran@mfa.kz
Горган қаласындағы (Иран) ҚР Бас консулдығы	Gorgan city, Bolvar Naharkhoran 604, Edalat st. 66, код +980 тел. 17-15-525-609, факс 17-15-536-055	e-mail: gorgankz@gmail.com; gorgan@ mfa.kz
Сари қаласындағы (Иран) ҚР консулдығы	Iran, Mazandaran province, Sari town, Pasdaran boulevard, Shakhid-Bakhran street 1 h №2, код 8-10-98-151 тел. 22-31-113, факс 22-31-395	e-mail: barlass48@mail.ru
Пәкістан Ислам Республикасындағы ҚР Елшілігі Исламабад қаласы	House No. 11, Str. 45, Sector F-8/1, 43000 Islamabad код +9251 тел. 226-28-26, 226-29-20, 226-29-26, 226-29-25, факс 226-28-06	e-mail: embkaz@comsats.net.pk islamabad@mfa.kz http:// www.kazembpakistan.org
Карачи қаласындағы (Пәкістан) ҚР консулдығы	Plot 6/3, Street 27, Phase 5 Extention Defence Housing Authority, Karachi, код + 9221 тел. 583-84-20, 583-84-19, факс 583-84-18	e-mail: conkarkz@cyber.net.pk
Ауғаныстан Ислам Республикасындағы ҚР Елшілігі Кабул қаласы	Kabul, Wazir Akbar Khan Street 13, House 436, код +9320 тел. 702-842-96, 230-05-52 , 705-015-05, факс 230-600-09	e-mail: kabul@mfa.kz
Үндістан Республикасындағы ҚР Елшілігі Дели қаласы	61, Poorvi Marg, Vasant Vihar, New Delhi – 110057, код +9111 тел. 460-077-10, 460-077-00, 460-077-02, факс 460-077-01	e-mail: india@mfa.kz office@kazembassy.in; kazind.com@gmail.com www.kazembassy.in
Қытай Халық Республикасындағы ҚР Елшілігі Пекин қаласы	9, Dong 6 Jie, San Li Tun, Beijing, China 100600, код +8610 тел. 653-26-182, 653-24-189, Консульский отдел: 653-22-636, 653-29-177 (коммутатор), факс 653-26-183, 653-24-433, Консульский отдел: 653-20-636	e-mail: pekin@mfa.kz www.kazembchina.org

Гонконг қаласындағы (ҚХР) ҚР Бас консулдығы	Unit 3106, 31st floor, West Tower, Shun Tak Center, 200 Connaught Road Central, Sheung Wan, Hong Kon, код +852 тел. 254-83-841, факс 254-88-361	e-mail: office@consul-kazakhstan.org.hk honghong@mfa.kz; visa@consul-kazakhstan.org.hk http://www.consul-kazakhstan.org.hk
Шанхай қаласындағы (ҚХР) ҚР Бас консулдығы	Loushanguan 85, 200336 Shanghai, building «Orient International Plaza», 1003, 1004, 1005, код +8621 тел. 627-538-78, 627-528-38, 627-554-83, факс 627-573-00	e-mail: kazconsulshanghai@yahoo.com; shanghai@mfa.kz; kzconsulshanghai@mail.ru; office@kzconsulshanghai.org; http://www.kazembchina.org
Үрімші қаласындағы (ҚХР) ҚР СІМ Төлқұжат-виза қызметі	31, Kunming Road, Урумчи, код +86991 тел. 381-57-96, 383-23-74, факс 382-12-03	e-mail: pvs_mid@yahoo.cn
Малайзиядағы ҚР Елшілігі Куала-Лумпур қаласы	115, Jalan Ampang Hilir, 55000 Kuala Lumpur, Malaysia, код +603 тел. 425-229-99, 425-269-99 факс 425-23-999	e-mail: kuala-lumpur@kazembassy.org.my kuala-lumpur@mfa.kz http://www.kazembassy.org.my
Индонезиядағы ҚР Елшілігі Джакарта қаласы	The East 11 қабат, Unit 5 Jl.limgkar, Mega Kuningan, Kav.E3.2 #1 Jakarta 12950	
Корея Республикасындағы ҚР Елшілігі Сеул қаласы	271-5, Hannam-dong, Yongsan-gu, Seoul 140-885 код +822 тел. 394-97-16, 379-97-14, Консульский отдел ПРК 391-89-06, 379-78-76, факс 395-97-66	e-mail: seoul@mfa.kz www.kazembassy.org
Жапониядағы ҚР Елшілігі Токио қаласы	Azabudai 1-8-14, Minato-ku, Tokyo 106-0041, код +813 тел. 3589-1821, Факс: 3589-1822	e-mail: japan@mfa.kz kazembassy.jp@gmail.com http://www.embkazjp.org
Монғолиядағы ҚР Елшілігі Ұлан-Батыр қаласы	Улан-Батор, Хан-Уул, 1-квартал, городок «Твин», Зайсан к., 31/6, код +97611 тел. 34-54-08, 34-10-76, факс. 34-17-07	e-mail: info@kazembassy.mn ulaanbaatar@mfa.kz
Сингапур Республикасындағы ҚР Елшілігі Сингапур қаласы	1 Kim Seng Promenade, #09-04/05 Great World City, East Office Tower, Singapore 237994, код +65, тел 653-661-00, 623-571-50, 623-623-67 факс 643-889-90	e-mail: singapore@mfa.kz www.kazakhstan.org.sg
Ливан Республикасындағы ҚР Дипломатиялық миссиясы Бейрут қаласы	12 floor, Verdun 732, Verdun str., Al Mousaytebeh, Beirut, Lebanon, код +9611 тел. 786-587, 804-869, факс 786-013	e-mail: beirut@mfa.kz kuat-kz@yandex.ru
Ливиядағы ҚР Дипломатиялық миссиясы (Триполи)	8 Kilometr, Gargaresh street, Madina Siyahia av. код +21821 тел. 483-66-90, факс 483-66-90	e-mail: dipmission_kz@lttnet.net
Таиланд Корольдігіндегі ҚР Елшілігі Бангкок қаласы	Office 804 A, Floor 8, Building A, GPF Witthayu Towers, 93/1 Wireless Road, Lumpini, Pathumwan, Ban, код +662 тел. 254-30-43, 254-30-45, факс 254-30-42	e-mail: thailand@mfa.kz www.kazembassythailand.org
ТМД		
Ресей Федерациясындағы ҚР Елшілігі Мәскеу қаласы	101000..Москва, Чистопрудный бульвар, 3 а, код +7-495 тел. 627-17-01; факс 608-08-32	e-mail: moscow@kazembassy.ru www.kazembassy.ru
Санкт-Петербург қаласындағы (РФ) ҚР Бас консулдығы	Санкт-Петербург қ., Виленский тұйық көшесі, 15 үй, лит А, код +7-812, тел. 335-25-46; 335-25-47, факс 335-25-46; 335-25-47	e-mail: genconsul.spb@mfa.kz saint-petersburg@mfa.ru; genconsul.spb@mfa.kz; kazconspb@mail.ru http://www.kazconsulate.spb.ru

Астрахань қаласындағы (РФ) ҚР консулдығы	414056, Астрахань, Акварельная к., 2Б, код +7-8512, тел. 61-00-07, факс 25-18-85	e-mail: conslurk@astranet.ru astrakhan@mfa.kz http://astra-consul.ru
Омбы қаласындағы (РФ) ҚР консулдығы	Омбы қ., Ш. Валиханов к. 9, код +7-3812, тел. 32-52-13, 32-52-07, 32-52-17, факс 32-52-15	e-mail: kzcemd@omskcity.com omsk@mfa.kz http://www.kz-omsk.ru
Украинадағы ҚР Елшілігі Киев қаласы	01901, Киев қ., Мельников к., 26, код +38044 тел. 489-18-58, факс 483-11-98	e-mail: post@kazakh.kiev.ua kiev@mfa.kz http://www.kazembassy.com.ua
Беларусь Республикасындағы ҚР Елшілігі Минск қаласы	Минск қ., Куйбышев к., 12, индекс 220029, код +37517 тел. 288-10-26, 210-11-22, 234-30-23, 284-48-10, факс 334-96-50	e-mail: Minsk@mfa.kz http://www.kazembassy.by
Беларусь Республикасындағы ҚР консулдығы Брест қаласы	К.Маркс к., 82, код +8375 тел. 162-203-500, факс 162-205-242	e-mail: brest-consul@tut.by brest@mfa.kz
Өзбекстан Республикасындағы ҚР Елшілігі Ташкент қаласы	100015 Тошкент шаҳар. Чехов кучаси, 23, код +99871 тел. 256-16-54, 252-16-54, 252-35-71, факс 252-16-50	e-mail: info@kazembassy.uz tashkent@mfa.kz http://kazembassy.uz
Қырғыз Республикасындағы ҚР Елшілігі Бішкек қаласы	95-А Mira pr., Bishkek, Kyrgyzstan код +996312 тел. 69-20-98, 69-21-01 факс 69-20-94	e-mail: bishkek@mfa.kz kaz_emb@elcat.kg; embassy.kg@mfa.kz; www.kaz-emb.kg
Түрікменстандағы ҚР Елшілігі Ашхабад қаласы	744036, 11,13, 15 Гарашсызлык, код +99312 тел. 48-04-68, 48-04-69, факс 48-04-75	e-mail: office@embkaztm.org ashgabad@mfa.kz http://www.embkaztm.org
Тәжікстан Республикасындағы ҚР Елшілігі Душанбе қаласы	734025, Хусейн заде к., 31/1 код +992372 тел. 21-89-40, факс 51-01-08	e-mail: dipmiskz7@tajnet.com dushanbe@mfa.kz http://www.kazakhembassy.tj
Тәжікстан Республикасындағы ҚР консулдығы Ходжент қаласы	Код +8992 Тел. 900-000-535	
Әзірбайжан Республикасындағы ҚР Елшілігі Баку қаласы	Баку қ., Х. Алиева к., проезд 15, 8 үй, код +99412 тел. 465-62-47; 465-62-48 факс 465-62-49	e-mail: embassyk@azdata.net baku@mfa.kz http://www.kazembassy.az
Армения Республикасындағы ҚР Елшілігі Ереван қаласы	0019, Айгедзора к., 66 үй код +374-10 тел. 211-333; факс 274-170	e-mail: erevan@mfa.kz www.kazembassy.am
Грузиядағы ҚР Елшілігі Тбилиси қаласы	0179, Шатберашвили к., 23 код +7-99532 тел. 99-76-84; факс 29-24-89	e-mail: tbilisi@mfa.kz

«Қазақстан
мекемелерінің
азаматтығынан
ресімдеуі»
2-қосымша



Республикасының шетелдердегі
Қазақстан Республикасының
шығу жөніндегі құжаттарды
мемлекеттік қызмет стандартына

Сауалнама-өтініш

Маған Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға рұқсат беруіңізді сұраймын

Сұрақтар	! Жауаптар
1. Аты, тегі, әкесінің аты	
2. Бұрын болған атыңызды, тегіңізді және әкеңіздің атын атап шығыңыз, оларды қашан, қайда және қандай себеппен өзгерткендігіңізді көрсетіңіз	
3. Күнін, айын, жылын, туған жерін (облысы, ауданы, қаласы, ауылы, егер шетелде туылсаңыз туылған елді) көрсетіңіз	
4. Ұлты	
5. Отбасылық жағдайы (некеде тұрамын, ажырасқанмын, жесір/тұлмын)	
6. Шетелге кеткенге дейін тікелей тұрған мекенжайы	
7. Соңғы тіркеу орны	
8. Соңғы жұмыс, оқу орны	
9. Білімі және білімі бойынша мамандығы (қайда, қашан және қандай оқу орнын бітірдіңіз)	
10. Егер бұрын басқа мемлекеттің азаматы (боданы) болсаңыз, қайда, қашан және қандай негізде Қазақстан Республикасының азаматтығын алғаныңызды толық көрсетіңіз	
11. Қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікке сот тәртібінде тартылдыңыз ба. Егер тартылсаңыз онда қашан, кіммен және не үшін	
12. Мемлекет немесе заңды және жеке тұлғалар алдында орындалмаған міндеттеріңіз бар ма	
13. Еңбек қызметі басталған уақыттан бастап атқарылған жұмыстары (жоғарғы және орта оқу орындарындағы оқуларын, әскери қызметті қоса алғанда)	

Ескертпе: Аталған тармақты толтыру кезінде, мекеме, ұйым және кәсіпорынды Сіз жұмыс істеп жүрген кезде қалай аталды, солай толтыру керек. Әскери қызметті лауазымы мен шенін көрсете отырып толтыру қажет. Шартты атаулары бар (пошталық жәшік және т.с.с.) кәсіпорындарды осы шартты атаулармен көрсету керек. Әскери қызметті өту әскери билеттегі жазбаға сәйкес көрсетіледі.

Айы	және	жылы
Мекемені, ұйымды, кәсіпорынды көрсетумен лауазымы		
Мекеме, ұйым, кәсіпорынның орналасқан жері		
Келген		уақыты

14. Сіздің жақын туыстарыңыз (күйеуі, әйелі, ата-анасы, ағалары, апалары)

Ескертпе: Аталған тармақты толтыру кезінде Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі барлық туыстар көрсетіледі. Егер әйелі күйеуінің тегінде болса, оның тұрмысқа дейінгі тегі де көрсетіледі.

Туыстық дәрежесі	Тегі, аты әкесінің аты	Туған жылы және жері	Жұмыс орны, лауазымы	Тұрғылықты мекенжайы	Келу елі

15. Өзіммен бірге кәмелет жасқа толмаған балаларымды Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығаруды сұраймын:

№ р/с	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы және жылы	Туған жері
1			
2			
3			
4			
5			
6			

16. Жұбайы (зайыбы) Т.А.Ә. _____ "___" _____ 20__ ж.
 Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуға құжаттарын рәсімдеуде
 / И ә /
 / Ж о қ /

(қажет емесін сызып тастау)

17. Егер жұбайы (зайыбы) Қазақстан Республикасының азаматы болмаса, оның азаматтығын көрсетіңіз _____

18. Қазақстаннан кетер кезде әскери билет тапсырылған мекеменің атауы _____

19. Сіздің мекенжайыңыз, телефон нөміріңіз _____

Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығудың құқықтық салдары маған түсіндірілді.

Өтініш білдірушінің қолы _____

«Қазақстан Республикасының шетелдердегі
 мекемелерінің Қазақстан Республикасының
 азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды

ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандартына

3-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттардың қабылданғаны туралы

№ _____ т а л о н

(өтініш берушінің Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы)

Қабылданған құжаттардың тізбесі:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____

Қ а б ы л д а ғ а н :

_____/_____/_____
(қызметкердің лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)
_____ ж. «_____» _____
(Қ а б ы л д а н ғ а н к ү н)

Берілетін уақыты және күні: «___» _____ ж. _____ сағ _____ мин

«Қазақстан Республикасының шетелдердегі
мекемелерінің Қазақстан Республикасының
азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды
ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандартына
4-қосымша

Кесте. Сапа және тиімділік көрсеткіштерінің мәндері

Сапа мен тиімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Келесі жылдағы көрсеткіштің нысаналы мәні	Есептік жылдағы көрсеткіштің ағымдағы мәні
1	2	3	4
1. Уақыттылығы			
1.1. Құжаттарды тапсырған сәттен бастап қызметті белгіленген мерзімде ұсыну жағдайларының %-ы (үлесі)			
2. Сапасы			

2.1. Қызмет көрсету үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3. Қолжетімділігі			
3.1. Қызмет көрсету сапасы мен оны көрсету туралы ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
3.2. Электрондық форматта қол жеткізуге болатын ақпарат қызметтерінің %-ы (үлесі)			
4. Шағымдану үдерісі			
4.1. Шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			
5. Сыпайылық			
5.1. Персоналдың сыпайылығына қанағаттанатын тұтынушылардың %-ы (үлесі)			

«Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу жөніндегі құжаттарды ресімдеуі» мемлекеттік қызмет стандартына
5-қосымша

Шағымды қабылдау туралы талон № _____ Қ ұ ж а т т ы _____ қ а б ы л д а п _____ а л д ы : _____ ----- (Консулдық лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.) ----- (Қолы) 201__ жылғы « » _____ Байланыс телефондары: _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 1 қ а ң т а р д а ғы
 № 6 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

«Консулдық заңдастыру» мемлекеттік қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Консулдық заңдастыру» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 28-ғимарат, телефон 8 (7172) 72-01-64; Алматы қаласы, Әйтеке би көшесі, 65-үй, телефон 8 (727) 272-07-47

мекенжайлары бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) және осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген мекенжайлар бойынша Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері (бұдан әрі – шетелдердегі мекемелер) ұсынады.

2. Ұсынылатын мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық жарғысының 45 және 46-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы № 264 бұйрығымен бекітілген Консулдық заңдастыру ережелеріне сәйкес ұсынылады.

4. Мемлекеттік қызмет ұсыну тәртібі мен қажетті құжаттар туралы ақпарат, сондай-ақ оларды толтыру үлгілері Министрліктің www.mfa.kz интернет-ресурсында «Консулдық мәселелер» бөлімінде, осы стандартқа 1-қосымшада көрсетілген шетелдердегі мекемелердің интернет-ресурстарында орналастырылады.

5. Осы стандартқа 2 немесе 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, заңдастыру жазбасын қоюмен консулдық заңдастыруды жүзеге асыру немесе мемлекеттік қызмет ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап ұсынылатын мемлекеттік қызметтің нәтижесі болып табылады.

6. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) ұсынылады.

7. Мемлекеттік қызметті ұсыну мерзімдері:

1) осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды мемлекеттік қызметті алушының тапсырған сәтінен бастап – үш жұмыс күнінен артық емес;

